

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 7 (859) 11 ақпан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс режимінде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, биылғы жоспардың талқыланатынын атап өтті.

– Өткен жылы ел экономикасы 4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында оң үрдіс бар. Сауда-саттық 9,2, көлік саласы 3,6 пайызға артты. Дегенмен, инфляция межелі деңгейден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, қаңтар оқиғалары қалыпты өмірімізді түбегейлі өзгертті. Заңсыз әрекеттердің салдарынан көптеген азаматтарымыз зардап шекті. Шағын және орта бизнес өкілдері шығынға ұшырады. Қазіргі мәліметтер бойынша бизнеске 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің пандемияға, іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және ұлттық қауіпсіздікке төнген сын-қатерлерге байланысты күрделі кезеңді бастан өткеріп отырғанына назар аударды.

– Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті да тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту басым міндеттің бірі.

– Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инфляцияны ауыздықтау мәселесін екінші міндет ретінде атады.

– Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елді-мекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдакүнемдер үшін нағыз майшелпекке айналған. Бұған Алматыдағы қаңтар оқиғасы кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Екі ай уақыт беремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономиканы өркендету үшін қосымша қаражат қарастыру міндетіне де тоқталды.

– Еркін экономикалық аймақтардың көпшілігі инвестиция әкелу үшін тиімді бола алмады деп

мен бірнеше рет айттым. Жарты триллион теңгеге жуық ауқымды салықтық ынталандыру топтамасына қарамастан жағдай осындай болып тұр. Нәтижесінде не таптық? Соңғы үш жылда еркін экономикалық аймақтарда өндірілген тауар көлемі ішкі жалпы өнімнің 1,5 пайызынан аспайды. Ал экспорттың үлесі жалпыөндіріс өнімнің 0,1 пайызын ғана құрайды. Осы мәселені реттейтін кез келді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкіметке бір айдың ішінде заңға өзгеріс енгізуден бастап, барлық қажетті шараны қабылдауға, соның ішінде іштен және сырттан инвестор тартуға тапсырма берді.

Мемлекет басшысы кеден бекеттеріндегі қордаланған мәселелерді жедел шешу қажет деп санайды.

– Тағы да қайталап айтамын: ондағы былықты жөнге келтірмесе, салдары қиын болуы мүмкін. Қытайдың статистикасы мен біздегі көрсеткіштің айырмасы 5,7 миллиард доллар болуы – соның дәлелі. Қазір Қытаймен арадағы кеден бекетінде 12 мыңнан астам көлік электронды кезекте тұр. Құзырлы экономикалық операторлардың заңсыз іс-әрекеті туралы бұған дейін де айттым. Олар кеденнен және басқа да бақылау органдарынан соншама жеңілдікті қалай алып отыр? Не себепті бұл мәселе назардан тыс қалған? Бұл сұрақтарға 10 күннің ішінде нақты әрі толық жауап күтемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент барлық деңгейдегі әкімдердің бюджет дербестігін одан ары арттыруы қажет екеніне арнайы тоқталды. Оның айтуынша, аймақтардың 82 пайызының дотацияда болуы дұрыс емес.

– Мен бұған дейін бюджетаралық қатынастың жаңа жүйесін қалыптастыру туралы тапсырма берген болатынмын. Осы тапсырманы тағы да естеріңізге саламын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент утилизациялық алым мәселесіне де тоқталды.

– Утилизациялық алым бойынша барлық қаражат мемлекет пайдасына түседі деп шештік. Ендігі мәселе – мөлшерлеме деңгейін анықтау. Жұмыс тобы осы мәселені қызу талқылап жатыр. Бірден айтайын, утилизациялық алым қайта қаралады. Бірақ шектен шықпаған жөн. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашудың, ескі автокөліктерді сырттан әкеліп, қалдықтан нарық ашудың қажеті жоқ. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы – тұтынушылар үшін автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өндірушілер мен дистрибьютерлер тарапынан әрекет болады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент жалдамалы тұрғын үйді субсидиялау жөніндегі бастамасын тездетіп жүзеге асыру қажеттігіне де баса мән берді. Бұл бастама өткен жылы іске қосылуы керек еді.

– «Отбасы банк» пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алатындар мен жылжымайтын мүлікті жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлық платформаны әзірлеуге тиіс. Азаматтар өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес әкімдіктер немесе құрылыс компаниялары айтқан жерден емес, өздері қалаған жерден тұрғын үй таңдай алады. Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін жалға алу шығынының 50 пайызы мөлшеріндегі субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақ-

шасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады. Осы жүйе бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін биылғы 1 мамырдан кешіктірмеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Отырыс барысында агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесіне баса мән берілді.

Президент соңғы 5 жылда ауылшаруашылығын дамытуға 2 триллион теңгеден астам қаражат бөлінгенін еске салды. Алайда, оның айтуынша, субсидия қанша өссе де, бұл салада ауыз толтырып айтатын өзгеріс болған жоқ.

– Субсидия түпкі иесіне жетпей, орта жолда талан-таражға түсуде. Тіпті, ауыл шаруашылығына еш қатысы жоқ салалар да оның қызығын көруде. Соңғы жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 960 қылмыстық іс тергеген. Соның 54 пайызы субсидияны жымқыруға қатысты болған. Мысалы, жайылымдық жерлерді суландыруға 80 миллиард теңге бөлінді. Бірақ, оның тең жартысы желге ұшты. Осы жұмысқа қажетті құрал-жабдықтың бағасы 2-3 есе артық көрсетілген. Тіпті, кей жағдайда қаржыны қағаз жүзінде игере салған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы саланы ретке келтіруді, аграрлық саланың тиімділігін арттыруға бағытталған субсидиялаудың жаңа жүйесін құруды тапсырды.

Бұдан бөлек Президент жерді белгілі бір тұлғалардың меншігіне өтіп кетуіне жол бермеу мәселесіне тоқталды.

– Ауыл шаруашылығы министрлігі бір тұлғаға 98 мың гектарға дейін ауыл шаруашылығы жерлерін иемденуге рұқсат беретін қаулы жобасын әзірледі. Бұл өлшеусіз жер иелену құқығын заңдастыру әрекеті сияқты көрінеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке жер учаскелерінің шекті көлемін анықтау үшін сарапшылар мен ғылыми институттардың қатысуымен жұмыс тобын құру тапсырылды. Мұны осы жылдың 1 мамырына дейін бекіту керек.

Президент энергетика кешенін дамытуға тағы бір басым міндеттің бірі ретінде тоқталды. Мемлекет басшысы былтыр осы салада болған дағдарысты еске салды. Атап айтқанда дизель отынының, авиакеросиннің, сұйытылған мұнай газының, электр қуатының тапшылығы байқалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін АЭС салу арқылы тез арада шешу қажет деп санайды.

– Жауапты тұлғалардың атом станциясын салу мәселесі жөніндегі сауалдарға жауап беруден неге жалтаратындарын түсінбеймін. Шындығын айту керек: егер таза атом энергиясы болмаса, инвестиция тартпақ түгілі, барлық экономикадан да, аймақтық көшбасшылықтан да айрылып қаламыз. Бізге электр қуаты, әсіресе таза атом энергиясы аса қажет. Экономикалық ахуалдан хабары жоқ популисттердің сөзіне ермейік. Атом энергетикасының мәнін кәсіби деңгейде түсіндіру қажет, – деді Президент.

Президент денсаулық сақтау мәселесі жөнінде айта келе, бұл саланың қаржыны көп қажет ететінін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте.

Жалғасы. Басы 1-бетте.

– Қолда бар қаржыны түгендеп, басымдықтарды қайта қарау керек. Бұл – алдағы жобаларға, соның ішінде мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі арқылы салынатын 20 ауруханаға қатысты мәселе. Оның әрқайсысына жұмсалатын шығын қолданыстағы заманауи ауруханалардың құнынан бірнеше есе артық. Мұндай мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қажет емес, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін түйіндей келе, мемлекет пен бизнес басшылыққа алуға тиіс қағидаттарды айқындады.

– «Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсеке және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жеке меншікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы билік пен қоғамның адал еңбек пен әділ ынталандыру идеологиясын ұстануы қажет екенін айтты. Бұл идеология компрадорлар мен уақыт өткізіп жүргендердің, масылдардың орнын алмастыруға тиіс.

– Үкіметке шетелге заңсыз шығарылған қаражаттарды және онда сатып алынған активтерді елімізге қайтару жолдары жөнінде ұсыныс әзірлеуге 2 ай уақыт беремін, – деді Президент.

Сонымен қатар жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғазов, Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін түйіндей келе, мемлекет пен бизнес басшылыққа алуға тиіс қағидаттарды айқындады.

– «Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсеке және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жеке меншікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы билік пен қоғамның адал еңбек пен әділ ынталандыру идеологиясын ұстануы қажет екенін айтты. Бұл идеология компрадорлар мен уақыт өткізіп жүргендердің, масылдардың орнын алмастыруға тиіс.

– Үкіметке шетелге заңсыз шығарылған қаражаттарды және онда сатып алынған активтерді елімізге қайтару жолдары жөнінде ұсыныс әзірлеуге 2 ай уақыт беремін, – деді Президент.

Сонымен қатар жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғазов, Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін түйіндей келе, мемлекет пен бизнес басшылыққа алуға тиіс қағидаттарды айқындады.

– «Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсеке және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жеке меншікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы билік пен қоғамның адал еңбек пен әділ ынталандыру идеологиясын ұстануы қажет екенін айтты. Бұл идеология компрадорлар мен уақыт өткізіп жүргендердің, масылдардың орнын алмастыруға тиіс.

– Үкіметке шетелге заңсыз шығарылған қаражаттарды және онда сатып алынған активтерді елімізге қайтару жолдары жөнінде ұсыныс әзірлеуге 2 ай уақыт беремін, – деді Президент.

akorda.kz

2022 жылғы 8 ақпан



ФМС: ДОСТУПНАЯ МЕДИЦИНА - ДЛЯ ВСЕХ

8 7172 67-41-79 | 1406 БАЙЛАНЫС ОТРАЛҒЫ

QOLDAU 24/7 МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫ



@FMS.KZ



PR@FMS.KZ



@SAQTANDYRYBOT TELEGRAM-БОТЫ



FMS.KZ РЕСМИ САЙТЫ

САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША АЗАМАТТАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ТИЕСІЛІ?

«Маған сақтандыру не үшін қажет, мен не үшін төлем төлеймін, МӘМС не береді?» – азаматтар жиі осындай сұрақтар қояды. Көптеген адамдар МӘМС тізімінде қандай медициналық көмекке сенім арта алатындығын білмейді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС-ға не кіретінін және сақтандырылған азаматтардың қандай құқықтары бар екенін айтты.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында нақтылағандай, көрсетілетін медициналық көмектің көлемін арттыру үшін МӘМС жүйесі енгізілді. 2022 жылы халыққа медициналық көмекті қаржыландыруға 2,049 трлн теңге, оның ішінде ТМҚКК бойынша – 1,2 трлн, МӘМС бойынша – 838 млрд теңге бағыттау жоспарланып отыр. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі сақтандырылмаған азаматтарға да көрсетіледі, оған шұғыл жағдайларда медициналық көмек, учаскелік маманның қабылдауы, шұғыл операциялар, әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу кіреді (толық Тізбемен Қор сайтында келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://fms.kz/press-center/press-relizy/34732/>).

МӘМС тізбесінде медициналық көмек «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі бар азаматтарға көрсетіледі. Бұл ретте 15 жеңілдік санатындағы 11 млн адамға мемлекет жарна төлейді. Бұл адамдар сақтандырылған және қосымша ақысыз медициналық көмек алу керек.

МӘМС тізіміне мыналар кіреді:

1. Амбулаториялық жағдайдағы медициналық көмек (ауруларды диагностикалау және емдеу):

- скринингтік зерттеулер;
- МСАК дәрігерлерінің жолдамасы бойынша бейінді мамандардың консультациялары;
- ауруларды диагностикалау және емдеу;
- халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысандағы стоматологиялық көмек;
- күндізгі стационар және үйдегі стационар; - рәсімдер мен манипуляциялар;

3. Тәулік бойғы стационарда ауруларды емдеу және диагностикалау. Бұл жерде біз барлық аурулар бойынша медициналық көмек туралы айтамыз, соның ішінде қымбат тұратын операциялар, мысалы, кардиологиялық, ортопедиялық, есту органдарына жасалатын операциялар және т.б.

5. Диагностика және емдеу хаттамаларында көзделген барлық аурулар бойынша медициналық оңалту;

СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Әр ұлт өз тілімен ерекше, сол секілді біздің тәуелсіздігіміздің басты айшығы әрі нысаны-мемлекеттік тіліміз. Егемендікке қол жеткелі мемлекеттік тіліміздің тынысы ашылып, қолданысы артып, мемлекеттік мәртебеге ие болып, өрісі кеңейді. Оның үстіне қазақша сөйлейтін басқа ұлттың азаматтары қаншама?!

Мемлекеттік тіл – көпұлтты мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамай іс-қағаздарын, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс орындарында, құқық қорғау мен әскер бөлімдерінде, сот істерін жүргізу тағы басқа міндетті деп саналатын саяси – құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл болып саналады.

Сот төрелігін жүзеге асыруда мемлекеттік тіліміздің мәртебесі биік. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі болып табылады. Сондай-ақ, сот істі талқылау, дайындау сатысында талап қоюшының талап арыз берілген тілді жеткілікті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін анықтап, талап қоюшыдан тиісті жазбаша өтінімхат түскен жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді ұйғарым шығарады. Тараптардың тең құқықтылығы қағидатын ескере отырып, сот осы мәселе бойынша жауапкердің де пікірін анықтауға міндетті.

Одан бөлек сот төрелігінде қарым-қатынас тілі толығымен мемлекеттік тілге ауыстырып, соттардағы кіріс-шығыс хат-хабарлар, ішкі хат-хабарларды мемлекеттік тілде жазу күн тәртібінен түскен емес. Соттарда семинар, дөңгелек үстел және өзге де іс-шаралар мемлекеттік тілде өткізілуі дәстүрге айналған.

Қорыта айтсақ, анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тіліміз бүкіл ұлттың баға жетпес рухани байлығы екенін ұмытпауымыз шарт, атадан балаға жалғасқан осынау тілімізді дамыту, келешек ұрпақтың санасында жаңғырту оңтай міндетіміз болмақ.

Қарлығаш АЮПОВА,

Тайынша аудандық сотының бас маманы

6. Скринингтік зерттеулерді, операцияларды және т. б. жүргізу кезінде биоматериал жіберілетін гистологиялық, цитологиялық және басқа да зерттеулерді қамтитын патологиялық-анатомиялық диагностика;

7. транспланттау кезіндегі диагностикалық зерттеулер;

8. Дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету.

«Шұғыл көмек сақтандырылмаған адамдарға да көрсетілетінін білу қажет, өйткені ол ТМҚКК шеңберінде жүргізіледі. Алайда, медициналық көмек жоспарлы түрде МӘМС-те ұсынылады. Сақтандырылған тұлға мәртебесіне ие бола отырып, пациент медициналық қызметтердің ең көп түріне қол жеткізе алады. Тар бейінді мамандардың қабылдауы, әртүрлі талдаулар, КТ, МРТ, УДЗ, рентген, ЭКГ сияқты қымбат зерттеулер, көптеген аурулардың диагностикасы, оңалту қызметтері, жоспарлы операциялар МӘМС тізбесіне кіреді. Яғни сақтандырылған азаматтар қазір бұрын ақылы негізде көрсетілген қызметтерді тегін ала алады», – деп түсіндірді қордың баспасөз қызметінде.

«САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесін алу үшін алдыңғы 12 айға жарналарды төлеу қажет, ал БЖТ төлеушілерге соңғы айларда, соның ішінде ағымдағы айларда үш реткі уақтылы төлемнің болуы жеткілікті. БЖТ төлеушілер үшін сақтандырылу мәртебесі төленген айдың соңғы күніне дейін әрекет ететіндігін еске салу қажет, мысалы, егер МӘМС үшін төлем ақпан айында болса, онда 1 – наурыздан бастап егер БЖТ кезекті төлемін жасамаңыз, адам сақтандырылмайды. Егер ағымдағы кезеңде немесе алдын ала төлем болмаса, мәртебе жоғалады және оны қалпына келтіру үшін БЖТ-да үшінші бірізді төлемінің басталуын қайтадан күтуге тура келеді.

Егер сізде сақтандырылған тұлға мәртебесін алуға немесе медициналық көмек алуға қатысты сұрақтар туындаған болса, сіз әрбір медициналық ұйымда бар Пациентті қолдау қызметіне жүгіне аласыз. Егер жағдайы сол жерде шешу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтінішті өзіңізге ыңғайлы байланыс арнасы бойынша қалдыруға болады: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Goldau 24/7 мобильді қосымша және Telegramдағы SaqtandyryBot.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЕДЕЛ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАСЫ «ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ»

Ағымдағы жылдың 7 ақпанынан 13 ақпанына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД Тайынша ауданының ТЖБ қызметкерлері Тайынша ауданының ТЖБ бірлесіп пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айырусыз жазаға сотталған адамдар тарапынан құқық бұзушылықтар мен қайталама қылмыстардың профилактикасына бағытталған профилактикалық бақылау Республикалық жедел алдын алу іс-шарасын өткізеді. Пробация қызметі бөлімінің инспекторлары учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, барлық сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша тексере отырып, рейдтер жүргізеді, сотталғандардың көршілерінен және туыстарынан жауап алады. Қоғамнан оқшаулаусыз жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзатын адамдарға заңнамалық тәртіп пен ықпал ету шаралары уақтылы қолданылатын болады, ал жазаны өтеу шарттары қасақана бұзылған жағдайда сотталғандар тарапынан бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыруға ауыстыру үшін сотқа материалдар жіберілетін болады.

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД Тайынша ауданының пробация қызметі бөлімінде бас бостандығынан айырусыз жазаға 79 сотталған есепте тұр. Есепте тұрған сотталғандармен құқық бұзушылықтар мен қайталама қылмыстарды болдырмау бойынша профилактикалық әңгімелер жүргізіледі.

Дулат ШАРИПОВ,

Тайынша ауданының ПҚБ инспекторы СҚО бойынша ҚАЖД әділет аға лейтенанты.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Тайынша ауданының әкімі Р.Ә. Аңбаевтың есептік кездесулері ағымдағы жылдың наурыз айына жоспарланған, өткізу форматы, орны мен уақыты қосымша хабарланатын болады.

• Мәслихат

ТАЙЫНША АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

2022 жылғы ақпанның 3 жұлдызында депутат Н. Н. Трифоновтың төрағалығымен тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өтті. Жоспарлы отырысқа экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б. Ә. Сәрсембаев, Тайынша көп бейінді ауданарлық ауруханасының бас дәрігері А. П. Рафальский, сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Б. А. Темірбеков, Мироновка және Чермошнян ауылдық округтерінің әкімдері қатысты.

Отырыста мынадай мәселелер талқыланды: 1. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2022 - 2024 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 108 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Жергілікті атқарушы органның Тайынша ауданы бойынша автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды, жөндеуді және күтіп ұстауды ұйымдастыру жөніндегі 2021 жылғы жұмысы туралы.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының тұрғындарына көрсетілетін медициналық және фармацевтикалық қызметтердің сапасы және дәрілік заттардың қолжетімділігіне мониторинг туралы.

4. Чермошнян ауылдық округі әкімі аппаратының депутаттық сауал бойынша жұмысы туралы. Барлық мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

ӨЗ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫҢЫЗ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛҢЫЗ!

БЖЗҚ 2021 жылдың қорытындысы бойынша өз салымшыларын (алушыларын) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы хабардар ету науқанын бастады.

Жеке зейнетақы шоттарынан (ЖЗШ) үзінді көшірмені дәстүрлі пошта байланысы арқылы алушы шамамен 1,15 млн салымшы (алушы) жөн көреді, әйтсе де олардың саны жыл сайын азайып келеді. Есесіне ақпарат алушы электрондық тәсілдері көбірек таңдалуда. Мысалы, 2021 жылдың басында дәстүрлі пошта арқылы мәлімет алушылар саны 1,28 млн асқан еді, яғни бір жылда 130 мыңға азайып отыр. Егер неғұрлым ұзақ мерзімді қарастырсақ, 2014 жылдан бастап (барлық шоттар мен зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға біріктіру кезеңі) пошта байланысы қызметі арқылы жіберілетін үзінді көшірме саны 3 есеге қысқарды.

Дегенмен, пошта конвертіндегі үзінді көшірмені күтіп жүргендер үшін ескертіп қоятын жәйт, егер салымшы (немесе алушы) тұрғылықты мекенжайын өзгертсе, ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес, салымшы 10 күнтізбелік күн ішінде Қорға жаңа мекенжайды хабарлауы қажет. Әйтпесе ескі мекенжайға жіберілген хат БЖЗҚ-ға қайтарылады және одан әрі мұндай салымшыны хабардар ету мәртебесі «айқындалмаған» деп көрсетіледі.

Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты жылына бір рет қана емес, кез келген уақытта алу үшін БЖЗҚ өзінің зейнетақы жинақтары туралы хабардар болудың неғұрлым жедел тәсілдерін ұсынады.

Мысалы, салымшы (алушы) БЖЗҚ-ға ұсынған мекенжайға ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық пошта арқылы ала алады. Әдетті үзінді-көшірмені алу кезеңділігі «жыл сайын» деп айқындалады. 2022 жылдың басында 780 мың адам хабарлаудың осы тәсілін таңдады.

Ең танымал әдіс – eprf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы хабарлау. Бұл хабарлау тәсілін 2022 жылдың 5 қаңтарында 6,2 млн ЖЗШ иесі таңдаған. 2014 жылдан бері хабарлаудың осы тәсілін таңдаған салымшылардың (алушылардың) саны 19 есеге жуық өсті.

2022 жылдың басында шамамен 2,9 млн адам «БЖЗҚ-ға өзі келген кезде» ақпарат беру тәсілін таңдаған. Былтыр жыл басындағы деректермен салыстырғанда олардың саны 133 мың адамға азайды. Атап айтатын жәйт, негізінен жеке жүгіну тәсілін таңдағандар саны жаңадан ашылған ЖЗШ иелері есебінен толығырақ. Қазіргі уақытта БЖЗҚ-да ЖЗШ зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша ашылып жатыр. Бұл ретте зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беруде – «БЖЗҚ-ға өзі келіп өтініш жасаған кезде» тәсілі автоматты түрде белгіленеді, оны салымшы (алушы) өз бетінше өзгертуге құқылы. Ақпарат алу тәсілін анықтау немесе өзгерту мақсатында салымшы (алушы) тиісті келісімді тікелей БЖЗҚ кеңсесінде немесе БЖЗҚ сайтында жасауы қажет. Көңіл аударатын мәселелер:

- БЖЗҚ сайтында «Жеке кабинет арқылы» деген бір ғана әдісті таңдауға болады;

- салымшы (алушы) ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты мобильді қосымша, не электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы келісім жасамай-ақ ала алады.

«ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ»

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір-екі күн бұрын XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін Бейжіңге жұмыс сапарымен барып келді. Бұл – Мемлекет басшысының биылғы шетелге жасаған бірінші сапары. Осы жаңандық спорт додасы Қытайдың ай күнтізбесі бойынша Жаңа жыл мерекесімен тұспа-тұс келді. Мұның символдық мәні зор. Қытай халқы Барыс жылын үлкен қошеметпен қарсы алды. Қазақстан Президентімен қатар Қытай астанасына 30-дан астам мемлекеттің басшылары мен үкімет жетекшілері, корольдер отбасыларының мүшелері мен халықаралық ұйымдардың жетекшілері келді.

Бейжіңдегі ауа-райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылда бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген кәдесыйларға ұзын-сонар кезек болып жатты. Жергілікті халықтың көзінен еліне деген мақтанш пен зор қуанышты байқалды.

Қазақстан көшбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын әуежайдан ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол қысқы Олимпиаданың ашылу рәсіміне Қытай Төрағасының шақыруын табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдас өткен ғасырдың 80-ші жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің батыс бөлігінде орналасқан «Дяоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты. Бұл резиденцияның 800 жылдан астам тарихы бар. Бұрын бұл тарих әрі көрікті жер Қытай императорларының демалысы үшін арнап салынған сарай болған. Цзинь әулетінің билігі кезінде император Чжанцзун мұнда балық аулайтын платформа салдырған. Резиденция атауы қытай тілінен аударғанда балық аулауға арналған терраса дегенді білдіреді. Содан бері резиденцияға «императорша балық аулау» атауы бекіп қалған.

Осы ретте бір нәрсені айта кеткен жөн. Қасым-Жомарт Тоқаевтан бөлек «Дяоюйтай» резиденциясында ауқымды іс-шара күндері Ресей Президенті Владимир Путин мен Пәкістан Премьер-Министрі Имран Хан ғана тоқтады, ал өзге делегациялар қонақ үйлерге орналастырылды. Әрине, бұл қытай тарапының Қазақстан басшысына, жалпы біздің елге деген ерекше құрметін, айрықша көзқарасын білдіреді. Бүкіл әлемде өршіп тұрған коронавирустың жаңа Омикрон штамы жағдайында Қытай билігі бұрын-соңды болмаған шектеу шараларын енгізді. Бұл хаттамалық шараларға да өзінің әсерін тигізді. Мысалы, белгіленген тәртіпке сәйкес Президенттің шетелдік сапарларын дайындау кезінде Мемлекеттік күзет қызметінің, Президенттің баспасөз қызметі мен Протоколының, сондай-ақ Президенттің іс басқармасының бірнеше қызметкерінен тұратын алдын ала баратын топ құрылады. Сол алдын ала баратын топ Мемлекет басшысының Бейжіңге баруына 1,5 күн қалғанда жетті. Осындай қысқа мерзімге қарамастан, аталған жұмыс тобы ҚХР СІМ жауапты қызметкерлерімен, күзет қызметімен бірлесе отырып, сапардың барлық хаттамалық мәселесін толығымен шеше алды. Біздің делегацияға қытайлық ұйымдастырушылар тарапынан ерекше қонақжайлық көрсетілді.

Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты «Құс ұясы» деп аталатын ұлттық стадионда өтті. Бейжің – қысқы және жазғы Олимпиада ойындарын өткізген жалғыз қала. Дәл осы стадионда 2008 жылдың тамыз айында жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты өткен болатын.

Қасым-Жомарт Тоқаев VIP қонақтарға арналған мінберден қазақстандық олимпиадшыларға қол бұлғап, қолдау көрсетті. Президенттің жеке фотографы түсірген суреттердің бірінен спортшыларымыз шыққан сәтте Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов пен оның делегациясы біздің Мемле-

кет басшысына ерекше құрметпен қарағанын көруге болады. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев те ілтипат білдірді.

Бұл басқа командалармен салыстырғанда біздің ұлттық құрамадағы спортшылардың әлдеқайда көп болуына байланысты болса керек. Біздің олимпиадшылар елімізге медальдермен оралады деп сенеміз. Келесі күні, яғни 5 ақпанда Халық жиналысы үйінде Қазақстан Президенті Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Бұл - мемлекеттер басшыларының үшінші бетпе-бет кездесуі. Бұған дейін олар 2019 жылы қыркүйекте Бейжіңде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары кезінде кездескен еді.

Сонымен бірге осы уақыт ішінде мемлекеттер басшылары заманауи байланыс құралдары арқылы тұрақты хабарласып отырды. Бұл өзара ықпалдастықты жалғастыруға және нығайтуға мүмкіндік берді.

Си Цзиньпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа ерекше ілтипат білдіре отырып, құрметпен қарсы алды. Бұны екі елдің көшбасшылары арасындағы келіссөздің мазмұнынан да, одан кейін бірге суретке түсіп, аудармашысыз сөйлесіп тұрғандарынан да байқауға болады.

Мемлекеттер басшылары екі елдің жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығаратын нәтижелі келіссөз жүргізді. Қытай Төрағасы атап өткендей, бұл кездесу мемлекеттер арасындағы алдағы 30 жылдағы алтын дәуіріне жол ашты. Достық әрі өзара түсіністікке негізделген кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпинді елімізге мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Қытай басшысы осы жылдың қыркүйек айында қазақ халқының қонақжайлығына куә болады деген үміттемін.

Қазақстан Президентінің жұмыс сапары ҚХР Төрағасының Олимпиаданың ашылу салтанатына келген делегациялар басшыларына арналған ресми қабылдауымен аяқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы қабылдау барысында БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, ДДСҰ Бас директорымен, сондай-ақ Польша, Сингапур, Қатар, Пәкістан және Орталық Азия елдерінің басшыларымен әңгімелесті. Олар Мемлекет басшысының «қасіретті қантар» кезінде жағдайды тұрақтандыру үшін қабылдаған шешімдеріне қолдау білдірді.

Қабылдау аяқталған соң Қасым-Жомарт Тоқаев әуежайға бет алып, Қазақстанға ұшып кетті. 5 сағаттық жолда Президент Бейжің сапарынан алған әсерімен бөлісті. Мемлекет басшысы биылғы алғашқы шетелге жасалған сапарына көңілі толатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың қытай тілін жетік меңгерген әлемдегі санаулы көшбасшылардың бірі екені жалпыға мәлім. Кезінде Президент осы елде оқып, жұмыс істеген. Қытайдың мыңжылдық бай тарихы мен мәдениетін зерттеген. Мемлекет басшысының CCTV телеарнасына 2019 жылы берген сұхбатынан кейін журналистке естелік жазба қалдырғаны Қытай халқының әлі күнге дейін есінде екеніне сенімдімін. Си Цзиньпин Бүкілқытайлық халық жиналысының зәулім ғимаратында өткен келіссөздердің басында Қасым-Жомарт Тоқаевты «қытай халқының досы» деп атады.

Президент бүгінде Қытайды дамудың барлық көрсеткіштері бойынша әлемдік көшбасушылар тобына лайықты түрде қосылды деп есептейді. Қытай экономикасының әлемде екінші орында тұрғаны ешкімге құпия емес, сарапшылардың болжамы бойынша 10 жылдан кейін бірінші орынға шығуға тиіс. Қытай сияқты елмен көрші болу мемлекетіміз үшін артықшылық деп оялаймын. Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік шекарасының ұзындығы – 1782 шақырым. Бірқатар мемлекет Бейжің Олимпиадасына бойкот жариялап жатқан кезде достас елді қолдамау және оның ашылу рәсіміне қатыспау дұрыс болмас еді. Президент оң шешім қабылдады.

Берік Уәли,

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Фарица Мұқанова,

М.Қозыбаев атындағы СҚУ, Агротехнологиялық факультет оқытушысы.

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі. Бұл сұрақ түлектерді ғана емес, сондай – ақ ата-аналарды да мазалайтыны анық. Өмірдің барлық салаларында мамандар қажет: ауыл шаруашылығында, құрылыста, электр станциясында, мал шаруашылығында, бақша шаруашылығында, зауытта, теңізде, полицияда, педагогикада, ақпараттық технологияларда, мемлекеттік қызметте және олардың барлығы маңызды. Осы кезде түлектердің ең басты міндеті — дұрыс кәсіби дәлізге кіру және мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт.

Көп жағдайда түлектер жинаған ұпайына байланысты тегін оқуға болатын мамандықтарды таңдап жатады. Соған қарамастан, болашағы бар мамандықтарды таңдауға кеңес беремін. Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандықтар бүгінгі таңда сұранысқа ие. Осы тұста М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Агротехнологиялық факультеті ауыл шаруашылығына, тамақ өнеркәсібіне қызмет көрсетуге болашақ мамандарды даярлайды. Бұл сала технологиялық заман көшінін қалмай дамып келеді. Сондықтан аграрлық мамандықтарға құштарланатын жастардың да қатары жыл санап қалындап келеді.

Факультет «Агрономия», «Өсімдік қорғау және карантин», «Биотехнология», «Орман ресурстары және орман шаруашылығы», «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы», «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлайды. Оқу сабақтары университет қабырғасында және облысымыздағы кафедра бөлімшелерінде өтеді. Ол жерде студенттер зертханалық, тәжірибелік сабақтарды өтеді. Арнайы дәріс сабақтарын өткізуге еліміздің, сонымен бірге шет елдің жоғары оқу орындарынан білікті мамандар шақырылады.

Агробиологиялық станция негізінде Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университетімен (ҚХР) бірлесіп құрылған «Агротехнопарк» бар, ол жерде білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрам ғылыми жұмыспен айналысады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы жақсы қарқын алып келеді. Білім алушылар 1 семестр ішінде еліміздің немесе шет елдің білім ордаларында (Омбы, Түмен, Польша, Якутия, Қытай, Словакия, Литва т.б.) білім алуға мүмкіндіктері бар. Факультет білім алушыларына берілген жақсы мүмкіндігі, ол - Германия мен Польшаның экологиялық таза өнім өндіретін шаруашылықтарында тәжірибеден өту мүмкіндігі. Тәжірибенің ерекшелігі - тәжірибе жинақтау, жалақы табу мүмкіндігі, шет тілін үйрену, басқа елдің мәдениетімен танысу, жаңа достар табу, Еуропа қалаларында саяхаттау.

Халықаралық және республикалық деңгейде өткізілетін түрлі конкурстарға, семинарларға, мастер-класстарға қатысады. Мұн-

дай мүмкіндіктер өте көп. 2021 жылғы 20-21 желтоқсанда Көкшетау қаласында «Eurasia Group Kazakhstan» ЖШС компаниясының базасында «Қазақстандағы үздік John Deere техникасы» тақырыбында республикалық студенттік жобалар байқауы өтті. Байқауға еліміздің түрлі жоғары оқу орындарынан 43 білім алушы қатысты. Факультетіміздің «Агрономия» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Габдуллин Альдияр осы ауқымды байқауға алғаш рет қатысып, 1 орынға ие болды, оған Германия мен Америкада орналасқан «Джон Дир» техника шығаратын зауыттардың біріне сапарға жолдама берілді. Біздің факультеттің студенттері 2013 жылдан бастап қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

Болашақ студенттер, сіздер қазір өмірлеріңіздің жауапты сәттерінің бірінде, таңдау үстінде тұрсыздар. Мамандық таңдаған кезде өздеріңізді армандаған белгілі маманның жай ғана маманы емес, үздік маманы бола аламын және үлкен жетістіктерге жете аламын деген сенім болу керек!

Менің мамандығым - ауыл шаруашылығы саласы мамандығы қазіргі таңда өте үлкен сұраныста. Ауыл шаруашылығы мамандығы өзінің барлық дамушы елдерінде үлкен сұраныста және біздің елде даму барысындағы елдер қатарында. Еліміз ауқымды жобаларды іске қосуда. Алда ауыл шаруашылығы саласы мамандықтары таңдасаңыздар, болашақта үлкен сұранысқа ие болатындарыңызға және оқуды ойдағыдай аяқтаған соң жұмыс орнына орналасу оңай болатынына сенімдімін. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Агротехнологиялық факультеті сіздерді оқуға шақырады.

Университет коды-040! Таңдау пәндері «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы үшін биология-география, «Агрономия», «Өсімдік қорғау және карантин», «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы», «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», «Биотехнология» ББ үшін - биология-химия. В077 – Өсімдік шаруашылығы білім беру бағдарламасы тобына - «Агрономия» және «Өсімдік қорғау және карантин» ББ, В079 - Орман шаруашылығы ББТ - Орман ресурстары және орман шаруашылығы» ББ, В050 - «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» ББТ - Биотехнология ББ, В068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі ББТ - «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» ББ, В078 Мал шаруашылығы ББТ – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» ББ жатады.

Оқуға түсу талаптары, білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты төменде көрсетілген нөмірлерге хабарласып алуға немесе әлеуметтік желіде факультет өмірімен танысуға болады:

87472954859, 87073389796 Telegram: <https://t.me/agrofaulkultet>
Facebook: <https://www.facebook.com/afnkzu.VK>: https://vk.com/af_nkzu
Instagram: https://instagram.com/af_nkzu

ТЕМІРЖОЛДА ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

2022 жылғы 07-11 ақпан аралығында теміржол көлігі объектілерінде адамдардың жарақаттануының және құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында Көкшетау станциясындағы Тайынша станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету учаскесінде «Көліктегі қауіпсіздік» акциясы өткізіліп жатыр.

Өкінішке орай, біздің елімізде күн сайын адамдардың жарақаттануы, оларды теміржол үстінен өтетін байланыс желісінің электр тоғымен соғу фактілері орын алууда. Байланыс желісінің электр тоғы **25000 В** құрайтынын ұмытпау керек.

Темір жол қауіптілігі жоғары объект және аймақ болып табылады, осыған байланысты көлік объектілерінде болған кезде ерқашан қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек, сондай-ақ темір жолдардың тек белгіленген орындарда өтуге болады, өту үшін Тайынша станциясында темір жол жаяу жүргіншілер көпірі бар.

Тайынша станциясындағы ЖПБ қызметкерлері жергілікті атқарушы органның өкілі- Тайынша қаласы әкімінің кеңесшісі Р.М.Ұлсайтов теміржол ұйымдарының өкілдері теміржол бойында тұратын Тайынша қаласының тұрғындарының үйлер аралау жұмыстарын жүргізді. Теміржол көлігі объектілерінде бөгде адамдардың болу ережелері түсіндірілді.

Тыйым салынады:

1. Темір жолдармен жүру.
 2. Жылжымалы құрамның алдында жүріңіз немесе жүгіру.
 3. Темір жолдар арқылы өту мақсатында автотіркегіштер арқылы, вагондар астынан өтуді жүзеге асыру.
 4. Вагондардың шатырларында, басқыштарында, алаңдарында, локотивтерде жол жүруді жүзеге асыру.
 5. Вагондардың төбесіне көтерілу, байланыс желісіндегі ток 27500 Вт құрайды. Атап айтқанда вагон төбесінен байланыс желісіне дейінгі қашықтық, сым мен адам арасындағы электр доғасы екі метр қашықтықта пайда болады. Ерқашан есіңізде болсын!
 6. Пойыз толық тоқтағанға дейін вагондарға жақындау.
 7. Пойыз жолының жанында жүріп бара жатқан пойызға жақындамаңыз. Пойыз жақында кезде платформаның шетінен қауіпсіз қашықтыққа (кемінде 2 метр) қауіпсіздіктің шегінен шығып кету керек!
- Осыны назарға алуға қажет, пойыздың жолында кенеттен пайда болған жаяу жүргіншінің соқтығысуын болдырмау мүмкін емес, себебі пойыздың тежеу қашықтығы 1000 метр шамасында.

1. Теміржол арқылы ат-арба көлігімен (шаналармен) өту және жүк артылған, мінсі малды және табынды айдап өту, теміржолдардың бөлінген жолағында мал жаю қағидаларын бұзу - **ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

5. Белгіленбеген жерлерде теміржол арқылы өту – **ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

Тайынша станциясындағы ЖПБ бастығы полиция капитаны Д.Қ. Әміржанов.

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Қазақстан Республикасында тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында, Сіздің және жақындарыңыздың денсаулығын сақтау үшін келесі алдын алу шараларын сақтауды сұраймыз:

- вирустық аурулар белгілері бар адамдармен қарым-қатынасты болдырмау (жөтел, түшкіру, мұрын шырышты қабатының қабынуы, дене қызуының көтерілуі);
 - дене қызуын күніне 2 рет мүмкіндігінше өлшеу қажет;
 - тұрғын үй жайларын тәулігіне 2 рет желдету;
 - тұрғын үй жайларын ылғалды жинау кезінде дезинфекциялайтын заттарды (құрамында хлор бар заттар, 70% спирт, сірке қышқылы, лимон қышқылы, сода) қолдану қажет;
 - жеке гигиенаны сақтау (жеке сүлгі, сабын, ұстара құралдарын және т.б. пайдалану);
 - қолды сабынмен жуу (әжетханаға барғаннан, қол алысқаннан, көшеден оралғаннан кейін, сондай-ақ тамақ дайындаудан бұрын және т.б.);
 - қоғамдық орындарда жүргенде көз, мұрын және ауызға қол тигізбеңіз, өйткені лас қолдың жанасуы вирустың шырышты қабатқа түсуіне ықпал етеді;
 - банкомат кнопкалары мен терминал экрандарына қол тигізгеннен кейін қолды спиртті негіздегі антисептиктермен немесе бір реттік дезинфекциялайтын майлықтармен дереу өңдеу;
 - адамдар көп жиналатын жерлерге барғаннан және көшеден қайтқаннан кейін мұрын мен ауыз қуысын (мұрын-жұтқыншақ) әлсіз сода ерітіндісімен шаю;
 - жөтелу және түшкіру кезінде ауызды бір рет қолданылатын майлықтармен немесе орамалмен жабу, содан кейін қолды сабынмен мұқият жуу немесе спирт ерітіндісімен немесе дезинфекциялық сулықтармен өңдеу қажет, содан кейін залалсыздандыру қажет;
 - қоғамдық орындарда жөтеліп немесе түшкіріп жатқан адамдарымен қарым-қатынас жасамауға тырысу, мүмкін болмаған жағдайда кемінде бір метр қашықтықта дистанцияны сақтау;
 - ЖРВИ белгілері пайда болған кезде (дене қызуының көтерілуі, тыныс алудың қиындауы, көбінесе құрғақ жөтел, қалтырау, денедегі қақсау, мұрын шырышты қабатының қабынуы және т. б.), сол сияқты соңғы екі аптада COVID-19 коронавирустық инфекциясы бойынша қолайсыз елдерге шықпаныз немесе қолайсыз елдерден келгендермен тығыз байланыста болсаңыз үйде қалып, өзін-өзі емдеумен айналыспай, емханаларға бармай-ақ 103 телефон нөмірі бойынша міндетті түрде жедел медициналық жәрдемді шақыру қажет;
 - коронавирустық инфекция бойынша қосымша кеңесті call – орталыққа 1406 телефон нөмірі бойынша қоңырау шалып алуға болады.
- «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» РММ.



«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ

«Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар рәсімдеу» мемлекеттік қызметіне қалай өтініш беруге болады?



Бұны үш жолмен жасауға болады:

- 1) Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы;
- 2) «Электрондық үкімет» порталы арқылы: WWW.EGOV.KZ;
- 3) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО) арқылы

ҮЙДЕ АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ҮШІН ҚАНДАЙ САНАТТАҒЫ АДАМДАРҒА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ:

- 1) психоневрологиялық патологиясы бар 1,5 - 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға;
- 2) ТҚА бұзылған 1,5 жасстан - 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға;
- 3) психоневрологиялық аурулары бар 18 жасстан асқан мүгедектерге;
- 4) 1, 2 – топ мүгедектеріне;
- 5) Кодекске сәйкес өздерінің еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж ата-аналарын асырауға міндетті еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалары жоқ не бас бостандығынан айыру орындарындағы немесе басқа елді мекенде тұратын, 1-2 топ мүгедегі бар, онкологиялық, психикалық аурулары бар, еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалары бар, сондай-ақ отбасы ішінде жанжал болған жағдайда, егде жасына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіз адамдарға көрсетіледі.



ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ:

- 1) қызметтерді алушының өтініші;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) нысан бойынша медициналық карта;
- 4) балалар үшін – ПМШК қорытындысының көшірмесі.

РЕСІМДЕУ ТҰРТЫБЫ:

Өтініш қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде бағалау жөніндегі маман өтініш берушінің тұрғын үй және материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізеді.

Тексеру актісі үш жұмыс күні ішінде жасалады.

Бұдан өрі үш жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім қабылданады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім шығарылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарлама жіберіледі.

Осыдан кейін өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде ЭЦҚ арқылы порталда (<http://aleumet.egov.kz>) авторизациялану және үйде қызметтер көрсету ұйымын таңдап алу қажет.

Қызмет алушыда интернет-қорға қолжетімділік болмаған жағдайда, өтініш беруші жұмыспен қамту бөлімінің өзіне-өзі қызмет көрсету секторына жүгінеді.

СҚО,

Тайынша ауданы, Тайынша қ-сы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 203 тел. 79-0-47, 79-0-50

ҚҰЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

2020 жылғы қазанда және 2021 жылғы сәуірде Мемлекеттік қызмет тізіліміне өзгерістер енгізілді, атап айтқанда тізілімнен 9 мемлекеттік қызмет алынды, соның бірі ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті көрсететін мемлекеттік қызмет - «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» анықтамасы болып табылады. Мемлекеттік қызмет оны толық автоматтандыруға және порталдағы «жеке кабинет» арқылы ұсынуға байланысты тізілімнен шығарылды. Бұл процесстің автоматтандырылуы азаматтардың Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында, «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес екендігін көрсетеміз. Сонымен қатар, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып алуға болады. Бүгінгі күнде, үш мемлекеттік қызметті оңайлатылған және жеделдетілген жол арқылы порталдан алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Сонымен, «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады. Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді. Қызметтерді оңайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған. Азаматтар үшін

тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын. Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ. Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу болып табылады. Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде көрсетіледі. Архивтік анықтама алу үшін қызмет алушы портал және Мемлекеттік корпорация баламасы арқылы туыстығын растайтын құжаттардың көшірмесін қоса сала отырып, өтініш береді, қажет болған жағдайда оны апостильмен бірге композитті түрде ала алады. Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы өздері ала алады.

ҚР БП ҚСЖАЕК

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 30 Таралымы: 1000.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫҚЫЗ: 8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.